«Бекітемін»
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым
вице-министрі
_____Э.Суханбердиева
«30» Наурыз 2019 ж.

Орта білім берудегі оқу жетістіктерін сырттай бағалау бойынша
«Қазақ әдебиеті» пәнінен 9-сынып оқушыларына арналған
тест спецификациясы

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты және «Қазақ әдебиеті» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес құрастырылған құжат.

1. Тест мақсаты: 9-сынып оқушыларының «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша дайындық деңгейлері мен функционалдық сауаттылықтарының қалыптасу деңгейлерін бағалау.

2. Тест құрылымы: Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде – 30%, орташа деңгейде – 50%, жоғары деңгейде – 20%.

Базалық деңгей: мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру, тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау; көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіру; тыңдалған мәтін мазмұны бойынша жалпы және нақты сұрақтарға жауап беру.

Орташа деңгей: мәтін атауын талқылау және көтерілетін мәселені болжау; мәтіннің құрылымдық ерекшелігіне назар аудара отырып, жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау; мәтін бойынша детальді ақпаратты анықтау; мәтін мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпаратты анықтау; материалдар негізінде ауызша және жазбаша мәтіндер үшін күрделі жоспар құру; бірнеше графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректерді салыстыру, маңызды тұстары мен үрдістерді (тенденция) анықтау.

Жоғары деңгей: мәтіндегі ақпаратты шынайы өмірмен байланыстыру; мәтін үзіндісі арқылы оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжау; мәтін тақырыбы, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау.

Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша автордың негізгі ойын сақтай отырып, перифраз тәсілдерін пайдалану, жазба жұмысын абзацтар мен бөліктерге бөле білу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық түзетулер енгізу, редакциялау.

Тесттегі тапсырмалардың жалпы саны – 15.

Тестегі бөлім саны – 3.

I бөлім бір дұрыс жауапты 5 тест тапсырмасынан;

II бөлім бір немесе бірнеше дұрыс жауапты 5 тест тапсырмасынан;

III бөлім бір дұрыс жауапты 5 тест тапсырмасы берілген 1 мәтіннен тұрады.

3. Пән бойынша тест мазмұны

Тест мазмұны «Қазақ әдебиеті» пәнінің оқу бағдарламасын меңгеру талаптарын бағалауға бағытталған.

№	Бөлім	№	Тақырып	№	Тест тапсырмаларының мақсаты
01	Әдебиет теориясы	01	Көркем шығарманың тілі	01	Әдеби тәсілдерді және көркемдегіш құралдарды түсіну
				02	Троп пен фигура түрлерін ажырату
				03	Әдебиеттің негізгі түрлері мен тектерін түсіну, ажырата алу
		02	Жанрлардың түрлері	01	Жанрлардың түрлері мен басты белгілерін анықтау

		03	Шығарманың композициялық құрылымы	01	Мәтіннен шығарманың элементтерін табу, композицияның амалдарын ажырата білу, лирикалық шегініс мазмұнын түсіндіре алу
02	Эпизодтарға талдау	01	Эпизодтық талдаулар жасау, шиеленісті анықтау, басқа эпизодтарымен байланысын түсіну	01	Эпикалық шығармалардағы эпизодтарға талдау жасау
				02	Лирикалық шығармалардағы эпизодтарға талдау жасау
				03	Драмалық шығармалардағы эпизодтарға талдау жасау
03	Тақырып пен идея	01	Тақырып пен идея	01	Шығарманың басты тақырыбы мен идеясын ашу; заманауи тұрғыдан салыстыра алу; шығарма құндылығына баға беру; шығарманың идеясын ғаламдық тұрғыдан талдау
04	Шығарманың мазмұны мен кейіпкерлер әлемі	01	Шығарманың мазмұны	01	Кейіпкерлерге мінездеме беру; шығармадағы автор бейнесін талдау; әдеби шығармадағы кейіпкерлер байланысын анықтай алу
				02	Түрлі жанрдағы шығармаларды талдай алу; жеке сюжеттік талдаулар жасау.
				03	Автордың кейіпкерге, оқиғаға деген көзқарасын анықтау; автордың кейіпкер бейнесін берудегі ұтымды тәсілдерін талдау
05	Әдеби мәтіндерге талдау	01	Мәтінмен жұмыс	01	Жанрды ажырата алу, тақырып пен идеяны табу, композициясына талдау жасау, көркемдік-бейнелеу тәсілдерін анықтау
				02	Эпизодтарды талдай алу, шығарманың көркемдік табиғатын ашу
				03	Кейіпкерлерге берілген мінездемені бағалай алу, автордың қарым-қатынасын анықтау

4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы

«Қазақ әдебиеті» пәні бойынша 9-сынып оқушылары:

1) Тарихи-әдеби процестің негізгі заңдылықтарын; өлең жолдары мен прозалық мәтіндердің үзінділерін (таңдау бойынша) жатқа; оқытылатын тақырыптар шеңберінде әдеби-тарихи мағлұматтарды және әдеби теориялық түсініктерді; оқытылатын шығармалардың мәдени-тарихи мәнмәтінін және олардың авторларының өмірлік және шығармашылық жолы туралы негізгі деректерді біледі.

2) Әдебиеттің рухани-адамгершілік және эстетикалық мәнін; әдебиеттің тарихпен, өнермен байланысын; түр мен мазмұн тұтастығында көркем шығарманы; шығарманың тақырыбын, идеясын, мәселелер жиынтығын, шығармада автордың ұстанымын; көркем шығармалардың бейнелеу табиғатын және жасырын мағынасын; орыс, қазақ және әлем әдебиетінің шығармалары арасындағы ұлттық сипатқа негізделген айырмашылықтар мен ұқсастықтарды түсінеді.

3) Көркем шығарманың мазмұнына талдау жасау барысында әдебиеттанудың түсінікті тілін белсенді азаматтық ұстанымды, адамгершілік-рухани қасиетін көрсете отырып, көркем бейнелеуіш құралдар мен стилистикалық тәсілдерді: әдеби тақырыпта ауызша немесе жазбаша сөздерде, талдамалық сипатта өзінің мәтінін дайындағанда, оқыған мәтінді түсіндіріп беруде, пікірталастарда, көпшілік алдында сөз сөйлеген кезде қолданады.

4) Әртүрлі әдеби шығармалар мен оларды сыни тұрғыдан және көркем түрде түсіндіріп беруді; сюжет, композиция ерекшеліктерін, көркем бейнелеуіш құралдар рөлін, басты эпизодтарды, кейіпкерлердің әрекеттері мен қылықтарын, жазушы стилінің ерекшеліктерін; көркем шығармаларда және фольклорда қазақтың және өзге де ұлттардың адамгершілік мұраты туралы түсініктерін талдайды.

5) Көркем шығармаларды қорытындылау, шығармалардың мазмұнын тарихи деректермен салыстыру үшін әртүрлі ресурстарды қолдану арқылы жазбаша мәтіндерді; көркем шығарманың мәселелері бойынша дәлелді пайымдауларды, шығарманың мазмұнын адамгершілік-рухани жағынан толықтыру туралы дәлелді пікірді жинақтайды.

5. Жеке тапсырмалар мен жалпы жұмысты бағалау

Тест бөлімдері	Тест тапсырмасының формасы	Тест тапсырмасының саны	Максималды бастапқы балл	
			Бір тест тапсырмасы үшін	Жалпы тест үшін
I бөлім	Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған	5	1	5
II бөлім	Бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған	5	2	10
III бөлім (Әдеби мәтінмен жұмыс)	Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған	5	1	5
Барлығы:		**15**		**20**

6. Тестті орындауға жұмсалатын уақыт

Тест бөлімдері	Тест тапсырмасының формасы	Тест тапсырмасының саны	Тест тапсырмасының орташа орындалу уақыты (мин)	Орындауға жұмсалатын жалпы уақыт (мин)
I бөлім	Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған	5	1,5	7,5
II бөлім	Бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған	5	2	10
III бөлім (Әдеби мәтінмен жұмыс)	Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған	5	3,5*	17,5
Барлығы:		**15**		**40**

Ескертпе:

* Бір тест тапсырмасын орындау уақыты әдеби мәтінді оқуға жұмсалатын уақытты ескере есептелген.